

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Коммерциялық емес акционерлік қоғамы
АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС УНИВЕРСИТЕТІ

Электр машиналары және электр жетегі кафедрасы

«Қорғауға жіберілді»

Кафедра меңгерушісі

т.ғ.к. Қалиева К.Ж.

(аты-жөні, ғылыми дәрежесі, атағы)

« _____ » _____ 2019 ж.

(қолы)

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

Тақырыбы: Тұрақты ток қозғалтқышын есептеу.

Орындаған Ағабайев Бағдат Бектұрған АНҚ 10-01. мамандығы бойынша
(студенттің аты - жөні) (тобы)

Жетекші Рамазан Рахымжан Орамулов, т.ғ.к., доцент
(аты-жөні, ғылыми дәрежесі, атағы)
« _____ » _____ 2019 ж.
(қолы)

Пікір жазушы : _____
(ғылыми дәрежесі, атағы, аты-жөні)
« _____ » _____ 2019 ж.
(қолы)

Кеңесшілер :

Экономикалық бөлім бойынша :

Аға ағабауыр Сағдиева М.Е.
(ғылыми дәрежесі, атағы, аты-жөні)
« _____ » _____ 2019 ж.
(қолы)

Өмір тіршілігі қауіпсіздігі бойынша:

Аға ағабауыр Мұсағалиев К.Т.
(ғылыми дәрежесі, атағы, аты-жөні)
« _____ » _____ 2019 ж.
(қолы)

Мөлшер бақылаушы:

Аға ағабауыр М.В. Кларина Селова
(ғылыми дәрежесі, атағы, аты-жөні)
« _____ » _____ 2019 ж.
(қолы)

Алматы 2019 ж.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Коммерциялық емес акционерлік қоғамы
АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС УНИВЕРСИТЕТІ

Электр энергетика және электртехника
5B071800 – Электр энергетикасы
Электр машиналары және электр жетекі

институты
мамандығы
кафедрасы

жұмысты орындауға берілген

ТАПСЫРМА

Студент Арапова Сағұлна Бағдатқызы
(аты - жөні)

Жұмыс тақырыбы Тұрақты ток қозғалтқышпен есептеу

ректордың «26» қазан 2019 ж. № 24 бұйрығы бойынша бекітілген.

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі: «31» сб. 2019 ж.

Жұмысқа бастапқы деректер (талап етілетін жұмыс нәтижелерінің параметрлері және нысанның бастапқы деректері)

Қуаты $P_n = 10$ кВт; жүріс номинал неғізі $U_n = 220$ В
номинал айналу жиілік $n_n = 3000$ а/мин;
айналу осі диаметрі $d = 180 \cdot 10^{-3}$ м; қарапай
қоздыру - реттеу әрнелі негіз; қарапай
әрнелі әрнелі әрнелі - $\Delta P = 22$; жүріс
режелі - үзек; қоздыруға тәуелсіз айналу
көлемі - В.

Диплом жұмысындағы әзірленуі тиіс сұрақтар тізімі немесе диплом жұмысының қысқаша мазмұны:

1. Кіріспе.
2. Тұрақты ток қозғалтқышпен нобалауға есептеу.
3. Әрнелі бөлігі.
4. Әрнелі әрнелі қарапай ΔP .
5. Дәлелдеу бөлігі.
6. Қорытынды.

Аңдатпа

Бұл дипломдық жұмыста тұрақты ток қозғалтқышының қызметі және қолдану орталықтарына толықтай мәлімет берілді, сонымен қатар тұрақты ток машиналарының құрлысын қарастырдым. Тұрақты ток қозғалтқыштарының электрлік теңдеулері, қуат бойынша энергетикалы теңдеулеріне есептеулер жүргіздім.

Негізгі бөлімде қоздырушы жүйенің әр-түрлі тұрақты қозғалтқыштарының жыдамдығын және бағыттарын үйлестіру әдістерін, тұрақты ток электрлі қозғалтқыштарын жобалауға есептемелер және зәкір орамаларын таңдау, негізгі өлшемдерді таңдау, магнитті тізбектің қимасын есептеу шарттары, магнитті сызықтардың орташа ұзындықтарына есептеу жүргізіп таңдау жасадым.

Келесі бөлімде коллектормен щеткаларға және қосымша полюстің орамаларына есептеулер жүргіздім. Тұрақты ток қозғалтқышының жұмыс сипаттамаларын мәндеріне байланысты тұрғызып жылулық әсерне есептеме жасадым.

Еңбек қорғау өмір тіршілік қауіпсіздік бөлімінде электрлі жетектерді пайдалану кезіндегі техникалық қауіпсіздік ережелеріне мәліметтер беріліп электр қауіпсіздігіне және қорғанысты жерге тұйықтауға қарай іс-шаралар ұйымдастырылады.

Экономикалық бөлімде алынған тұрақты ток қозғалтқышымның құрлысына кететін матриалдарына қатысты есептеулер жүргізіп, шығындарын есептедім.

Аннотация

В дипломном проекте рассматриваются требования и устройство двигателем постоянного тока и уравнения движения, стандартные статические нагрузки, искусственные электромеханические, механические характеристики и режимы работы двигателя постоянного тока.

В основной части составлены расчеты на проектирование электродвигателей постоянного тока и выбор обмоток якоря, выбор основных параметров, условия расчета сечения магнитной цепи, расчет средней длины магнитных линий.

В следующем разделе произведен расчет коллектором щеток и обмоток дополнительного полюса. В зависимости от значения рабочих характеристик двигателя постоянного тока я рассчитала тепловое воздействие.

В разделе "Безопасность жизнедеятельности" в разделе "Безопасность жизнедеятельности" приведены данные о правилах техники безопасности при эксплуатации электроприводов, в зависимости от электробезопасности и защитного заземления.

В экономической части произведен расчет затрат на оборудование двигателя постоянного тока.

Annotation

In the diploma project, the requirements and the device of the DC motor and the equations of motion, standard static loads, artificial Electromechanical, mechanical characteristics and modes of the DC motor are considered.

In the main part of the calculations for the design of DC motors and the choice of armature windings, the choice of the main parameters, the conditions for calculating the cross section of the magnetic circuit, the calculation of the average length of the magnetic lines.

In the next section, the collector calculates the brushes and the winding of the additional pole. Depending on the value of the DC motor performance, I calculated the thermal effect.

In the section "life Safety" in the section "life Safety" data on safety regulations at operation of electric drives, depending on electrical safety and protective grounding are given.

In the economic part of the calculation of the cost of DC motor equipment.

Мазмұны

1	Кіріспе.....	8
1.1	Тұрақты ток электрлік машиналардың қызметі және қолданыс орталықтары.....	10
1.2	Тұрақты ток машиналар құрылысын қарастыру.....	10
1.3	Тұрақты ток қозғалтқыштардың электрлі теңдікті теңдеулерін шығару.....	14
1.4	Тұрақты ток қозғалтқыштарының қуат бойынша энергетикалық теңдіктері.....	15
1.5	Қоздырушы жүйенің әр-түрлі тұрақты ток қозғалтқыштары жылдамдығын, механикалы және жұмысшы сипаттамаларын қарастыру.....	16
1.6	Тұрақты ток қозғалтқыштарының айналу жылдамдығын және бағытын үйлестіру әдістері.....	19
2	Тұрақты ток электр қозғалтқышын жобалауға есептеу.....	20
2.1	Тұрақты ток қозғалтқышын жобалауының бастапқы мағұлматтары мен берілгендері.....	20
2.2	Негізгі өлшемді таңдау керек.....	20
2.3	Зәкір орамасын таңдау.....	23
2.4	Аймақ бөліктерін геометриясының мәнін есептеу.....	27
2.5	Зәкірдің орамасын есептеу.....	29
2.6	Тізбектің магнитті мәндерін анықтау.....	31
2.7	Магнитті тізбектің қимасын есептеу шарты.....	33
2.8	Магнитті сызықтардың орташа ұзындықтары.....	34
2.9	Магниттік тізбектің есептік қималарындағы индукция.....	35
2.10	Магниттік тізбегінің өзіндік бөлімшелеріндегі магнит кернеулері.....	36
2.11	Коллектор және шөткелер.....	43
2.12	Қосымша полюстің орамаларына есептеу жүргізу.....	47
2.13	Тұрақты ток қозғалтқышының жұмыс сипаттамаларын табу.....	51
2.14	Жылулық әсерге есептеу жүргізу.....	53
2.15	Желдеткішті есептеу.....	63
3	Арнайы бөлімі.....	66
3.1	Тұрақты ток қозғалтқыш үшін магнит дірілін есептеулер.....	66
4	Өмір тіршілік қауіпсіздігі.....	68
4.1	Электрлі жетектерді пайдалану кезіндегі техникалық қауіпсіздік ережелері.....	68
4.2	Электр қауіпсіздігі. Қорғаныстық жерге қосуды есептеу.....	72
4.3	Өрт қауіпсіздігі. Автоматты өртті сөндіру жүйесін жобалау.....	75
5	Экономикалық бөлім.....	78
5.1	Экономикалық анықтамалар мен теориялық шолу.....	78
5.2	Экономикалық есептеу бөлімі.....	79
	Қорытынды.....	88
	Әдебиеттер тізімі.....	89

Кіріспе

Бастапқы электрлі машиналар тұрақты ток электр қозғалтқыштары [Б.С.Якоб қозғалтқышы (1838 ж.)] шығарылды. Қазіргі заманда өндіріс аумағында электрлі машиналар түрлері көптеп шығарылады, мысалы тұрақты ток энергияларын айнымалы токтар энергиясына өзгертетін болмаса айнымалы ток энергияларын тұрақты ток электр энергияларына түрлендіргіш машиналардың түрлерімен, автоматты реттеуші жүйелерін өлшейтін, санағыш – есеп жүргізетін құрылғылардың датчик есептегіштері (жылдамдық датчиктері бойынша) микромашиналы түрлері көп кездесіп отырады.

Электр машиналары электротехника салаларында және электрэнергетика бөлімінде пайдаланылады ал электр машина түрлері, құрлысы, қосылу сұлбалары физикалық заңдылықтармен қарастырылып келген. Электр машиналарды келесідей түрлерге бөлуге болады мысалы, трансформаторлар, айнымалы ток машиналары, тұрақты ток машиналары, асинхронды машиналар түрлері, синхронды машиналар түрлері, қозғалтқыш түрлері және генератор құрлысы және жұмысы қарастырылып отырады. Электр машиналары электрэнергетика саласында мынадай орталықтарда пайдаланылады мысалы, өндіріс саласында, көлік аймақтарында, әуе жол орталықтарында, автоматты басқару және реттеу жүйелерінде, жөндеу, құрлыс аумағында, механикалық энергияны электр энергиясына айналдырып немесе керісінше электрлік энергияны механикалық энергияға түрлендіріп жұмыс жасайды.

Тұрақты токты электрлік машиналар қолдану аумағына сәйкес өздерінің қолдану салаларына қарай механикалық энергия кернеулері тұрақты болу үшін электр энергия түрлендіргіштерін электрлі генераторлар (генератор – электр энергиясы көзі болады) және тұрақты ток электр энергиясын түрлендіріп отыратын қозғалтқыш түрлері болып бөлінеді. Мұндай механикалық энергиялар пайдалану кезінде, өндіріс аумағында әр-түрлі орындалатын механизмдер бойынша (станок, қалқанша, травайды, троллейбусқа, электропоездың және тағы басқа) қандай да болмасын орындаушы механизмдерді (станокты, лебедканы, трамвай, троллейбустың, электропоездың және т.б.) жұмыс режимдерін іске қосу арқылы қызмет атқарады. Қандайда бір электрлік машиналарға генератор бойынша жұмыс атқарады. Машинаның қайтымды жолы қайта жұмысқа қосылып жұмыс жасайды. Барлық электрлік машиналарына генератор ретінде, қозғалтқышты түрінде қолдануға болады. Олардың екілік жақты энергияны түрлендіргіш қасиеттері машиналардың қайтымды жұмысы деп аталады. Сондайақ бір типті токтардың электрлік энергиясы бойынша, екіншілік токтың электрлік энергиясын түрлендіру бойынша электрлік машиналар қолданылады. Осындай электрлік машиналарды түрлендіргішті машиналар деп атаймыз.

Электротехникалық өндірісінтерінде әр-түрлі кернеулерге және қуаттарына қарастырылған тұрақты ток машиналары шығарылады. Олардың қуаттары бойынша келесідей түрлі топтарға бөлуге болады:

- Микромашиналы топтар – қуат ваттық үлестен 500 Вт – қа дейінгі;
- Қуаты аз машиналары – 500 Вт – тан 10 кВт – қа дейінгі;
- Қуаты орташа машиналары – 10 кВт – тан түрлері жүз киловаттқа дейін;

- Қуаты үлкен машиналары – бірнеше жүз киловаттан жоғары.

Тұрақты ток машиналарының автокөлікте пайдалану кернеулері 6...12 В – ке дейін болады, ал радиотехникалы құрылғылардың пайдалану кернеулері 30 кВ – ке дейін өзгертіледі. Тұрақты ток бойынша көптеп пайдаланылатын машиналар қуаттары 200 кВт болып, кернеулері 110...400 В, айналу жиіліктері 550...2870 айн/мин болады. Микромашиналар айналу жиіліктерінің айналымдары 30 000 айн/мин–теріне дейін жетуі мүмкін. Өнеркәсіптерде, көліктерде сонымен қатар ауыл шаруашылықтарында электрлі қозғалтқыштары кеңінен қолданады. Генератор байланыс құрылғылары, радиотехника құрылғыларын қоректендіру бойынша қолданлады. Қазіргі уақытта тұрақты ток көздері бойынша, көптеп қолданысқа ие сонымен қатар экономикалық жағынан тиімдірек, пайдалану бойынша қолайлы, статикалы жартылай өткізгіштер түрлендіргіштерін айтуға болады.

1.1 Тұрақты ток электрлік машиналардың міндеттері мен қолданыс аймақтары

Тұрақты ток машиналар өзара қайтымды электрлік техникалы құрылғылар деп аталады. Олар бірде бір құрлыстық өзгерістеріне түспей генераторлы немесе қозғалтқышты жағдайда жұмыс атқарады. Тұрақты ток генераторлары, негізі шағын қуаттық электр энергиясына желілік көздері болып, мысалы, синхронды генераторлар қоздырушы орамаларды қоректендіру ретінде қолданады. Генератор құрылыстарында электрлі энергиясын тудыратын щеткалық-түйіспелі құрылғылардың болуы, олардың қуаттары мен кернеулерінің шамаларына шектеу жасайды. Тұрақты ток қозғалтқыштарын, негізінде айналу жылдамдықтарына үлкен ауқымда аздап реттелу мүмкіндіктеріне байланысты, біртіндеп өзгертулерді қамтамасыздандыру электрлі жетектері бойынша, сонымен қатар арнайы құрылыстарын есептеп және басқарып машиналарды қолданатын ыңғайлы тасымалдаушы ретінде пайдаланылады.


Ауыл шаруашылық өндірістерінде тұрақты ток машиналарын көбіне пайдаланбайды деуге болады. Сырғымалы щеткалық түйіспелік тетіктер ауыл шаруашылығы ылғалдылығын және шаң тозаң жағдайларында және тағыда басқа орталықтарында қажалу қарқынды болады. Бұндай жағдайлар кезінде тұрақты ток қозғалтқыштарын трамвайларда және басқа да көлік түрлерінде де кеңінен қолданысқа ие, яғни бұлардың айналу жылдамдықтары ақырын, үнемді, кең ауқымда реттелу мен орындарынан қозғалту кездерінде жұмысқа қосу моменттері жоғарлығы, бұларды кең ауқымда пайдалануға мүмкіндіктер береді. Асинхронды қозғалтқыштарға қарағанда тұрақты ток қозғалтқыштардың жүргізуші моменттері кіші айналым жиіліктерін реттелу шектері көбіне аз, ал артықшылықтары бұлардың реттеуіштері электрлі жетектерге қосқанда өте ыңғайлылығын көрсетеді.

1.2 Тұрақты ток машиналардың құрылысы

Тұрақты ток машиналарының құрылымдық сұлбасы басқа да электрлі машиналардан айырмашылықтары аз деуге болады. Машиналардағы қозғалмайтын негізгі бөліктері – статор, ішіндегі қозғалғыш бөлігі ротор болады. Статордың қуаты аз болатын машиналарда қуысты цилиндрлер түрінде, қуаттары бойынша үлкен машиналарда көп қырлы цилиндрлер түрінде дайындалып жасалады. Статорларды дайындаған кезде материал түрі ретінде магниттік өтімділіктері жоғары болатын электротехникалы болаттар пайдаланылады. Роторларға тірек ретінде, жұмыс атқаратын подшипниктер болады. Оларға бүйірлі қалқандар бікетілген. Магнитті полюстердің қоздырушы орамалары қозғалмайтын бөліктері (статорда орналасқан), ал негізгі якорге тән орамдары магнитті өрістерінде айналады (роторларда орналасқан). Сонда тұрақты ток машиналары статор жармаларынан (станина), зәкірден, негізгі бөліктерден және қосалқы полюстер бөлігінен тұрады,


коллекторлардан, щетка құрылғыларынан, полюстерден, зәкір орамаларынан, қоздырушы орамаларынан және сонымен қатар құрылғы көмекші болатын арнайы бөлшектерден құралады. Машиналар құрылғыларының негізгі элементтері келесі 1.1 және 1.2 - суреттерінде көрсетілген.

Статор жармалары. Статор табандары тұрақты ток машиналарының қозғалмайтын бөлігі, ол полюстер мен машинаның іргетасын бекіту үшін қызмет жасалады. Станина полюстерінің бекітілген бөліктері жарма деп аталады.



1.1 сурет - Тұрақты ток машинасының бөлшектенген түрлерінде а-статор; в-айгөлекті қалқан; с- ротор коллекторы.


Бұл магнитті өткізгіштердің бір бөлігі болып табылады, сондықтанда олар арқылы өтетін магнит ағындарына қолайлы жағдай туғызу үшін, оны жоғары магнитті өткізгіштері бар болаттардан немесе арнайы шойыннан жасап дайындайды. Жармаларды жасау технологиялары құймалы болаттан немесе тұтас тартылған болаттан құбырдан жасайды. Негізгі полюстер бойынша магнитті өріс тұрақты болады, мұндағы гистерезисті құбылыстар мен құйынды токтар болмайды.




1.2 сурет - Тұрақты ток машинасының негізгі бөлшектерінің сызбалық көрнісі

Зәкір машинаның айналғыш бөлігі болады, оның қалыңдығы 0,5мм, қатысты доңғалақ электртехникалы болат қаңылтырдан цилиндр ретінде

жасалған. Қаңылтырларды жинастырғаннан кейін, арнайы тетіктермен қысып, зәкірдің сырт бетін бойлап ойықтар мен тістерді қалыптастырады. Зәкір ойықтары, көбіне ашық түрде болады, ал мысалы шағын ықшамды машиналар үшін асинхронды машиналардың ротор ойықтары тәрізді жабық түрде болады(1.3 сурет). Жинастырылғаннан кейінгі пайда болған бойлықты ойықтар зәкір орамаларын жинайды (1.4 сурет).



1.2 сурет - Тұрақты ток машиналарының зәкір ойықтарының түрлері




1.4 сурет - Ішіне орама өткізгіштері орналастырылған, тұрақты ток машиналарының зәкірі жартылай жабық түрдегі (а) және ашық түрдегі (б) ойықтары

Зәкірдің құрлысы арнайы электрлік техникалы болаттан жиналады, ал оның магнитөткізгіштіктері құрлысы болаттағыдан да айтарлықтай жоғары болады. Бұлар магнитті ағынның магнитөткізгіштері құрылымынан өтуге ыңғайлы жағдайлар туғызады және магнитті өткізгіштерге гистерезис сызығы артық магниттелу шығындарын төмендетеді. Зәкірдің құйынды тоқтарға қарсы электр кедергілерін көбейту үшін бір тұтас емес, электротехникалық материалдар жиынтығымен жасайды. Электрлі кедергіні көбейту үшін электротехникалы болаттың қалыңдығын, оның механикалы тұрақтылығын сақтау белгілі бір шегіне дейін жұқартады. Зәкірді жинап алғаннан кейін электрлі бөліктері бойынша метал табақшалардың бір-біріне қатталған байланысы болмас үшін, оларды оқшаулағыш түрі лактарды пайдаланады, лак

метал табақшалардың сандары қанша болса сонша есе Фуко токтарын кемітуге үлес қосады. Осы жағдайдың бәрі Фуко токтарының әсерлерінен болатын электрлі шығындарын айтарлықтай азайтуға мүмкіндік туғызады. Сондайақ, магнит кедергісін азайту үшін арнайы электрлі болаттан, электрлі кедергіні көбейту үшін болатты табақша ретінде тіліп, жинастырып, лакпен бояп жасайды. Мұның барлығы гистерезисті құбылысты және құйынды токтардан арқылы туатын магнитті және электрлі шығындарды азайтады.


Негізгі басты полюстер машиналарда негізгі магнит ағындарын туғызуға және өткізуге арналған полюстер өзек және полюсті ұштамадан тұрады. Полюсті ұштаманы кей жағдайларда «башмак» депте атайды, себебі бұның құрылысы темір жол башмақтарына ұқсас болып келеді, (1.2-сурет) полюс ұштамаларына бұндай пішіндер ауа саңылаулары арқылы магнитті ағынды оңай өткізуді жеңілдету мен олардың зәкір беті полюсіне бірдей тегіс орналасуын қамтамасыз ету үшін берілген. Сондай-ақ, полюстер қалыңдығы 1 мм электрлі техникалы болаттардан жасалынып, оқшауланған метал табақшалардан жинайды, ол полюс ұштамаларының беткі қабатына зәкірдің тістерінде пайда болған магнит индукциясы соқтығысынан туған құйынды токтан келген шығындарды азайту үшін және индукцияның үзіліс құбылысы қабаттардың жоғарғы беттеріне еніп жайылады. Осыған орай технологиясы бойынша барлық полюсті металл табақшалардан жинау тиімді болып есептеледі. 1.5-суретте негізгі полюс түрі қарастырылған.



1- өзекше; 2-қоздырушы орама; 3 - станина; 4 - полюсті ұштамалар;
5- катушка көрнісі; 6- бекітетін болт

1.5 сурет - Тұрақты ток машинаның негізгі полюсі


Қосымша полюстер қосымша магниттік өрісті жасауға арналған, ол зәкір реакцияларын орындарын толтырып және сондай-ақ машиналар жұмыстарының әр-түрлі реттелуі бойынша, коллектордың щеткасы қауіпсіз жұмыстарын қамтамасыз жасайды. Негізі олар соғылған болат түрлерінен және электрлі болат табақшаларынан жиналады. Қосалқы полюстер мен негізгі полюстер аралықтарында орналасып және жармаларға болаттармен бекітіліп жасалады 1.6 - суретте қосымша полюстер көрнісі қарастырылған.




1.2 сурет - Тұрақты ток машинаның қосымша полюсі
6 - өзекше; 7 - қоздырғыш орама

Коллекторлар механикалық түзеткіштердің құрылымдық бөлігі, ол зәкір орамаларының индукцияланатын айнымалы синусоидалы ЭҚК-н генератордан шығатын тұрақты мәні ЭҚК-ке айналады. Коллекторларды сына тәріздесқып мыс табақшаларынан жинастырады, олардың бір-бірінен коллектор сырт жағын миконит төсеніштерімен және манжеттер түрінде оқшаулайды.

Коллектор мыс табақшаларын қызып тұрған кездерінде цилиндрлі корпусқа ал оның қисық беттері тура цилиндрлі түрінде болу үшін айналдыра жонылып жасалады. Коллектор табақшалар құрылысы 1.7- суретте қарастырылған. Тез жылдам түрінде айналатын машиналарды айналу жылдамдықтары жоғары болған кезінде, щеткалар дірілдеп қозғалмау үшін, дискі тәріздес коллекторлар қолданады, олардағы жанасу беттері айналу біліктеріне тік болып орналасқан. Типті коллектор түрлері, зәкірмен қоа 1.8 а-суретте қарастырылған.




1.7 сурет - Тұрақты ток машина коллектор табақшаларының құрылысы



1.8 сурет – а - тұрақты ток машиналары коллекторының жиналған түрі
б - зәкір табақшалары

Щеткалы аспаптар электрэнергиясын коллектордан алуға немесе беруге қолданады. Олар көмірден, графит немесе металл графитті щеткалардан, серіппелі щетка ұстағыштардан, щетка шыбықтарынан, щетка траверстерінен және ток алынатын шиндер түрлерінен тұрады. Щетка, щетка ұстағышқа бекітіліп коллекторға серіппемен қысылып тұрады. Щетка ұстағыш щетка шыбықтарына бекітіліп, коллекторға белгілі жағдайға орнатылып жасалады. Щетка мен щетка ұстағыш 1.9 - суретте қарастырылған.



1.9 сурет - Тұрақты ток машиналарының щетка аспабы

Щетка ұстағыштар айгөлек қалқандарына, сондай-ақ қаңқаға жалғанады. Траверстерді бұрып айналдыру арқылы машина полюстеріне қарағанда, барлық щетка жүйелерінің орналасуынларын өзгертуге болады. ЭҚК - тің ең көп шамасын алу үшін щеткалар геометриялы бейтарап түрінде, сондай-ақ полюстер осіне тік түсетін сызықтарда орналасады. Щетка болттары оқшауланған төсемелер арқылы траверстен оқшауланып жасалады. 1.9 - суретте траверс және щетка ұстағыш қарастырылған.

Қоздыру орамалары машинаның зәкір айналатын полюстер аралық кеңістіктерінде магнит өрістерін туғызып жасауға арналған. Қоздырушы орамасын полюстер өзекшесіне кигізіп, каркасқа оралып шартты түрде жасалған (1.5 суретте көрсетілген). Шағын және қуаты орташа машиналарды қоздырып жасау орамаларында каркассız шарғылар көптеп қолданады. Ылғал

өткізгіштігіштіктерін азайтып, жылу өткізгіштіктерін арттырып жұмыс жасау үшін қоздырушы орма шарғысын лакпен көптеп қайтара қанықты бояйды. Негізгі және қосымша полюстердің қоздыру ормаларын дайындау технологиялары бірдей.

Зәкір орамасы тұрақты ток машинасының маңызды құрамды бөлігі, олар электр энергиясын магнитті энергияға немесе магнитті энергиясын электрлі энергиясына айналдырады. Зәкір орамасының орамдары өткізгіштерін зәкір бойымен ойықтарға орналасады, ал олардың ұштары коллектордың табақшаларына жалғанып жасалады.

Электрлі сұлбаларда зәкір орамасына «ОЯ», ал олардың ұштарына $Я_1$ және $Я_2$ деп белгілеп қарайды. Тұрақты ток машиналары зәкір орамасы, айнымалы ток машиналарынына ұқсас тұрақты және толқынды болып бөлінеді, олардың ұштары коллектор табақшаларына жалғанып жасалады. Орамалардың өздеріне тұйықталған өткізгіштердің жүйесіне байланыстылығы, қарапайым болуы мүмкін немесе күрделі болуы мүмкін. Зәкір орамасындағы негізгі элемент секция болып келеді. Секциядағы зәкір орамасы, бір-бірімен жалғасқан екі коллектор табақшаларына ұштарымен жалғасып жасалынған бөлігі.

Секция бір немесе бірнеше орамалардан тұрады секцияның ені мүмкіндіктеріне қарай, зәкір полюстерінің бөліктеріне бірдейғып таңдап алады:

$$\tau = \frac{\pi \cdot D_{\text{я}}}{2p}, \quad (1.1)$$

мұндағы τ - көрші осі араларындағы зәкір шеңбері бойынша, қашықтыққа теңдей бөлінген полюстік бөлінуі;

$2p$ – тұрақты ток машинасының полюстік саны;

$D_{\text{я}}$ - зәкір сыртқы шеңбері.

Секция жақтары зәкір ойықтарына, сондай-ақ екі қабатты болады олардың бір жағы ойықтың жоғарғы қабаттарына, ал екіншілік жақтары төменгі қабаттарына орналасып жүзеге асады.

Секциялар өз-ара тізбектеліп болмаса қатарлы болып орналасулары мүмкін. Бұнда тұйықталған орамның қатарлы тармақ сандары екіден кем болмаулары керек:

$$2a \geq 2 \quad (1.2)$$

Орамдардың симметриялы болуын сақтау үшін бөлімдер толық саны қатарлы тармақтар әр біреуіне олардың бүтіндік саны келетін болып саналады, сонда:

$$c/a = \kappa/a = \text{бүтін сан}, \quad (1.3)$$

мұнда c – секциялар санды;

κ – коллектордың табақша саны;

a – зәкір орамдарының қатарланған тармақтарындағы жұп саны.

$$C = \kappa = Z_9 \quad (1.4)$$

мұнда Z_9 - секция жақтарындағы жұп қатарлар сандарына тең, элементарлық ойын саны (1.12 сурет).

Орамалар қадамдарымен анықталады. Біріншілік қадам U_1 - бөлім ені немесе бөлім басы және аяқ жақтары араларындағы қашықтық. Екіншілік қадам U_1 - бірінші аяқ жағы арқылы кейінгі бөлім бас жақтары араларындағы арақашықтық.

Қорытындылық қадам U - бірінен соң бірі орналасып бөлімшелердің басқы жақтарының ара қашықтықтары. Коллекторлар бойынша қадам $U_{\kappa 1}$ - коллекторлар шеңбері бойынша, бөлімнің бақы бөлігімен мен аяқ жақ аралығындағы қашықтық. Бұл арақашықтық көбіне коллектор бөлінуші сандарымен өлшенеді. Аралық қадамдар қатынастарына қарай орамалар оң және сол жақ қарапайым сондай-ақ күрделі болып бөлінеді.

1.3 Тұрақты ток қозғалтқыштарындағы электрлі тепе-теңдік теңдеулері

Электрлі қозғалтқыштар қоздырушылары, жалпылай алғанда, сол генераторлар қоздырғыш жүйелері болады. Қозғалтқыштың кеңінен таралғандары қатарлап, тізбектей және аралас қоздырғыштар түрлері. Қозғалтқыштар түрлерінің барлығы жұмыс тәртібімен талданады, электрлі тепе-теңдік теңдеулері жылдамдықты және механикалық сипаттамаларына сүйеніп қарастырылады.

Тұрақты ток қозғалтқыштары тұрақты жұмыс барысындағы электрлі процестері, олар электрлі тепе-теңдік теңдеулерімен сипатталады. Зәкір орамаларына берілеген кернеу тұтынушы электр энергияларына пропорционал, механикалы энергияға айналушы пропорционал ЭҚК-тен, зәкір тізбектеріндегі гистерезисті құбылысын, құйыныды токтар, щеткалы түйіспелер мен механикалы үйкелістереді ескере отырып, кедергілер әсерлерінен энергия шығындарына пропорционалды шама бойынша артық болулары тиіс. Оларды математика тілінде былай жазып қарастыруға болады:

$$U = E_{я} - I_{я} R_{я}. \quad (1.5)$$

1.4 Тұрақты ток қозғалтқыш қуаттарының энергетикалы теңдігі

Қоздырғыш желі арқылы тұтынған электрлі энергиясын, зәкір білігін айналдырушы механикалы энергияға айналдырғыш процессі электрлі, магнитті сондай-ақ механикалы шығындарымен байланысты. Қозғалтқыш білігтеріндегі механикалы қуат P_1 желіден тұтынылатын электр энергиясынан қозғалтқыш өз ішіндегі болатын барлық шығындардың шамасындай аз болады:

$$P_2 = P_1 - P. \quad (1.6)$$

мұнда P_1 - қозғалтқыштардың желіден тұтынатын электрлі қуаты:

$$P_1 = UI. \quad (1.7)$$

P – электрлі, магнитті, механикалы және қосымша шығындардың қосындысы. Ол шығындар мынадан тұрады:

- зәкір орамаларындағы электрлі шығын (P_z);
- қоздырушы орамаларындағы электрлі шығындар (P_k);
- щетка мен түйіспелі құрылғылардың электрлі шығыны ($P_{щ}$);
- магнитті өткізгіш болаттардың электрлі шығыны (P_m);
- желдеткіш айгөлекітің және щеткаңың коллектор бет жағына үйкелеуден пайда болған механикалы шығындар ($P_{мех}$);
- магнитті өріс тістерінің соқтығысынан шашыраушы тасқындарының және басқа себептер арқылы болатын қосымша шығындар ($P_{кос}$)

$$P = P_z + P_k \dot{h} + P_{щ} \dot{h} + P_{мех} + P_{кос}, \quad (1.8)$$

мұнда

$$P_z = I_3^2 R_z, \quad (1.9)$$

$$P_k = I_3^2 R_{кар} + I_k^2 R_{мтй}, \quad (1.10)$$

$$P_{щ} = U_{щ} I_3 = 2(0,3...1,1) I_3, \quad (1.11)$$

$$P_c = P(1/150)(f/50)^\beta B^2 G. \quad (1.12)$$

Мұндағы $P(1/50)$ -болат, $B=1$ Тл және $f = 50$ Гц (анықтама мағмұлаты) болған кездегі салыстырмалы шығындары;

f -магнитөткізгіш есептеуші бөліктерінде болатты қайталап магниттеуші жиілік Гц;

$\beta = (1,2\dots,1,5)$ - электрлі болат түрінің байланыс коэффициенті;
 B - машина сәйкес бөлшектерінің есептеу индукциясы, Тл;
 G – қарастырған бөлік массасы, кг.

Механикалы және қосалқы шығындарды анықтап шығару күрделі, соған байланысты олардың қосымша шығындарымен қосып келесідей теңдеумен анықтауға болады:

$$P_{\text{кoc}} = (0,012, \dots, 0,008)P_1. \quad (1.13)$$

Пайдалы әсер коэффициенттері келесі теңдеумен есептелінеді:

$$\eta = P_2 / P_1 = (1 - \sum P) / P_1. \quad (1.14)$$

1.5 Қоздырушы жүйенің әр-түрлі тұрақты ток қозғалтқыштары жылдамдығын, механикалы және жұмысшы сипаттамаларын қарастыру

Тұрақты ток қозғалтқыштарының қасиеттерін жұмысқа қосу, тежеу сонымен қатар жылдамдық механикалық және жұмысшы сипаттамаларын бірге қарастырғанда анықталатын болады.

Тұрақты ток қозғалтқыштарының сипаттамаларының күйіне қоздыру системасына байланысты, оларды саралау кезінде сол жағдайларға ерекше көңіл аударылатын болады. Тәуелсіз қоздырғышы болатын қозғалтқыштардың іске асыру шектеулі болатындықтан солардың анықтамасы мұнда қарастырылмайды. Тұрақты ток қозғалтқышының жылдамдық реттеуші анықтамасы бұл кернеу U мен қоздыру тогы I_g тұрақты болған кезде, зәкір бөлігінің айналымына мен зәкір тогына I_a байланысты болатын немесе: $n = f(I)$ егер $U = \text{const}$ және $I_k = \text{const}$ болса жылдамдық анықтамасы мына формуламен есептелінеді:

$$n = (U - I_a R_a) / (C / \Phi). \quad (1.15)$$

Бұл қозғалтқыштын электрлік тепе-теңдік сонымен қатар зәкірдің ЭҚК-тің теңдеулерінің шешімдеріне байланысты алынған.

Қатарлас қоздырғыштың тұрақты ток қозғалтқышының жылдамдық анықтамасы (1.12) - формуланы саралау, айнымалы қозғалтқыштың білігінің зәкір кернеуінің қысқыштарында болатын кернеуге U тура пропорционал сонымен қатар зәкірдің орамасындағы ток I_a -пен қоздыру орамасындағы токқа I_k (магнит ағыныны Φ) кері пропорционал екенін көрсетіп береді. Қозғалтқыштағы жүктеме артқан сайын зәкір реакциясының әсерінен бір уақытта қоздыру орамасында магнит ағыны Φ кемиді де зәкірде болатын ток

I_3 өседі. Бірақ, токтың I_a артуы магнит ағынының кемуін пәлендей көрінетін болады. Сондықтанда жүктеме өскен сайын айналу жылдамдығы кемігенмен айтарлықтай көп болмайды. Қоздыру орамасының магнит ағыны кемімеуін қозғалтқыш білігінің айналу жылдамдығымен сүйемелдеп отырады.

Қатарлас қоздырғыштары бар қозғалтқыштардың қоздыру токтары әсерімен магниттің ағынын өзгерту арқылы айналу жылдамдығын ақырындап және ұтқыр тәртіптеуге мүмкіндік беретін ерекшеліктері бар. Қоздыру тогын кеміткенде қозғалтқыштың айналу жылдамдығы өседі, ал қоздыру тогы өскенде қозғалтқыштың жылдамдығы кемиді. Бұл электр қозғалтқыштарының айналу жылдамдығын тәртіптеудің ең ұтымды әдісі, себебі қоздыру тогының кем болуынан, қоздыру орамасындағы қуаттың шығыны, электр қозғалтқыштың тұрақты қуаттылығының проценттік үлесін ғана құрайды.

Тізбектей қоздырғышты тұрақты ток қозғалтқышының жылдамдық анықтамасы «жұмсақ»-қа жатады, сондықтан, айналу жылдамдығының жүктемеге бағынышты екенін айқын көрсетеді. Мұндай анықтамалар гиперболалық кейіпте ғана болады, бұл тізбектей қоздырылатын қозғалтқыштардың бірегей ерекшелігі болып саналады. Сериесті қозғалтқыштардың сериестік сипаттамалық теңдеуі, қатарлас қоздырғышты қозғалтқыштардың теңдеуі сияқты болады. Тізбектей қоздырғышты қозғалтқыштардың қоздыру тогы, зәкір тогына тең болады және сонымен бірге өзгеретін болғандықтан, осындай қозғалтқыштардың магнит ағындарын жүктемеленуден пәлендей дәрежеде міндетті болады, соның жылдамдық сипаттамасының айқын дәлелі. Шағын және орташа жүктемелену уақытында магнит тізбегі қаныққан кезде, магнит ағынының өзгеруі, токтың өзгеруіне пропорционал және қозғалтқыштың айналу жылдамдығы жүктемеленуге ерекше тәуелді болады. Жүктеменің өсуінен, қозғалтқыштың магнит тізбегінің Φ арту қарқын кемиді, оның жылдамдығы аз жүктелу аралығымен салыстырғанда өте төмен дәрежеде өзгере бастайды. Жылдамдық сипаттамасы «қаталдау» бола бастайды. Тізбектей қоздырғышты қозғалтқыштың бірден бір минусы, магнит ағының айтарлықтай аз болуына, жүктеменің кем болуы әсер етеді. (1.15) өрнекке сәйкес айналу жылдамдығы қатты артады. Қозғалтқыш «басқарудан ауытқып кетеді» де соның әсерінен айналуы бірнеше есе артады, ол қозғалтқыштың айналу бөліктерінің механикалық бұзылуына әкелуі мүмкін. Сол себепті сериесті қозғалтқыштарды «бос жүріске» және жүктемесі аз уақытта қосуға мүлдем болмайды.

Аралас қоздырғыштары бар қозғалтқыштың жылдамдығының сипаттамасы. Аралас қоздырғышты қозғалтқыштың жылдамдық анықтамасының өрнегі, параллель қоздырғышы бар қозғалтқыштыкі секілді, ерекшелігі бір магнит ағынының орнына бірімен-бірі үйлесіп немесе біріне-бірі қарама-қарсы әрекеттесетін екі магнит ағындары болатындығында:

$$n = (U - I_a R_a) / C_c \cdot (\Phi_{\text{ағын}} \pm \Phi_{\text{сер}}), \quad (1.16)$$

мұнда $\Phi_{шун}$ және $\Phi_{сер}$ - сәйкес шунттық және сериестік қоздыру орамдарының магниттік ағындары, шунтты және сериестік қоздыру орамаларының «+» үйлесімі, ал «-» қарама-қарсы қосылуы. Сериестік ораманың орамдарының санын өзгертіп, оны шунттық орамамен байланыстыру арқылы қатарлас қоздырғышты қозғалтқыштан тізбектей қоздырғышты қозғалтқыштар орамасын қолданып жатқан сериясын қолдануға болады. Солардың бұл артықшылықтығы, олардың жүктемесіз жұмыс аралығында да айналым жылдамдылығының системадан шығып кетуі болмайды. Себебі, айналым жылдамдығының шектен шығып кетуін, зәкір орамасына жиі қосулы тұрған шунттық қоздыру орамасының магнит ағыны $\Phi_{шун}$ тоқтатып отырады.

Тұрақты ток қозғалтқыштарының механикалық анықтамалары. $U=const$ және $I_k=const$ уақытында $n=f(M)$ тәуелділігі механикалық мінездемесі деп аталады. Оның өрнегі жылдамдық анықтамасы (1.16) мен тұрақты ток қозғалтқыш моменті бірге теңдіктен шығады.

$$M = C_m L_z \Phi n = ((U / c_e \Phi)) - (MLR_z / c_n \Phi^2), \quad (1.17)$$

осындағы c_n - тұрақты коэффициент

$$c_n = c_e L c_m. \quad (1.18)$$

Тұрақты қозғалтқыштың механикалық сипаттамасы оның жылдамдығының анықтамасы тек қана абцисса өсінің масштабымен өрнектелінеді.

Аралас және қатарлас қоздырғыштары бар қозғалтқыштардың механикалық сипаттамаларының қатаңдығы әр-түрлі дәрежедегі төмендеу сипаттары болады.

Сериесті қозғалтқыштардың механикалық анықтамасының қаныққан тәртіптегі, гиперболалық түрде болады. Жүктеменің өзгеріске ұшырауымен, тізбектей қоздырғышты қозғалтқыштың болатын қанығуы үлкен ауқымда өзгертіндіктен, оның көрінісі жалпы заңдылықты сақтай отырып, гиперболалық түрімен өзгереді. Тізбектей қоздырғышты тұрақты ток қозғалтқыштарының айрықша сипаты олардың жүргізу моментімен үлкендігі кез келген режимде жұмыс істегенде тұрақтылықты қамтамасыз ете алатын, өзіне тән механикалық анықтамасының болуы. Бұл оны машина электр жетегінде пайдалануда үлкен басымдық береді. Жұмысшы сипаттамалары зәкірдегі токтың қолданылған электр қуатының P -зәкір білігінің айналу жылдамдығы n , біліктегі моменттің M және қозғалтқыштың ПӘК-нің берілген кернеудің және қоздыру орамасындағы токтың мәндері тұрақты болғанда, қозғалтқыштың білігіндегі механикалық қуатқа P_2 тәуелділігі

табылады. Демек $U = U_s = const$ және $I_k = const$ болғанда I , P_1 , n , M , $\eta = f(P_2)$ болады. Мұндай қоздырғыш системасы бар қозғалтқыштың айналу жылдамдығының біліктегі қуаты өзгереді. Мұндай жылдамдық сипаттамасын «қатаң» деп көп рет атайды. Қозғалтқыштың қалыпты тәртіп уақытында айналу жылдамдығының өзгеруі, әдетте (0,08...0,02) n_{xx} мәнінен аспайды. Бірінен кейін бірі орналасқан орамалардың орам сандарын және оларды қатарлас орамаға қосу әдісін таңдау арқылы, айналу жылдамдығын жүктемеуден толық бағыныштылықсыз етуді ғана емес оған қоса оны аздап арттыруға болады.

1.6 Тұрақты ток қозғалтқыштарының айналу жылдамдығын және бағытын үйлестіру әдістері

Тұрақты токтың қозғалтқыштарының айналу жылдамдықтарын реттеу әдістері мен жылдамдық анықтамаларын теңдеулеріне кіретін өлшемдерін өзгертуімен байланысты (1.16). Ондай өлшемдерге мыналар жатады:

- зәкірдің орамасына берілетін кернеулер U ;
- зәкірдің орамасының тізбегіндегі кедергі ($R_3 + R_{кос}$);
- қоздыру орамасының магнит ағыны Φ .

Тұрақты токтың қозғалтқыштарының айналу жылдамдықтарын өзгертуді, кеміту жағына қарай да, арттыру жағына қарай да көруге болады. Желідегі кернеудің тұрақты болған кезде ($U=const$) айналу жылдамдығын азайтуды зәкір орамасы тізбегінің кедергісі реттелетін резистор арқылы, ол зәкір орамасына берілетін кернеуді азайтумен қатар жасалады. Тұрақты ток қозғалтқышы зәкірінің айналымын кемітудің бұл әдісі, реттеуіш резисторының кедергісіндегі электр шығындарының көп болуы экономикалық жағынан тиімсіздеу болғандықтан, оны қамтамасыз ететін балама жоқ. Тұрақты ток қозғалтқышының айналымдарын көбейту тәсілдерінің неғұрлым үнемді және тиімдісі шунттың қоздыру тогы, демек магнит ағынын төмендету болып табылады. Мұндай тәсілмен қозғалтқыштың айналу жылдамдығын кеміту мүмкін болмайды, себебі реттеуші резисторды жүйеге енгізу арқылы, қоздыру тогын төмендетуге болады, ал оны арттыруға болмайды. Тұрақты ток қозғалтқышының айналу бағытын өзгерту қоздыру орамасының полюстерін өзгертуге немесе зәкір орамасының полюстерін бірінің қысқыштарына айналдырып қосу арқылы ғана ақтай аламыз. Айналу бағдарын сеттің полюсін өзгертіп ауыстыру міндетсіз қоздыру немесе тұрақты магниттен қоздырушы қозғалтқыштарынан басқалай мүмкін болмайды.

2 Тұрақты ток электр қозғалтқышын жобалауға есептеу

2.1 Тұрақты ток қозғалтқышын жобалауының бастапқы мағұлматтары мен берілгендері

Тұрақты ток қозғалтқышының төменде берілген мағұлматтар бойынша құрамды бөліктерін есептеу мен орындау.

2.1 кесте - Тұрақты ток қозғалтқышын жобалауға есептің берілгендері


Берілгені	
Қуаты P_n , кВт	10
Жүйе номинал кернеуі U_n , В	220
Номинал айналу жиілік n_n , айн/мин	3000
Айналу осі биіктігі h , м	$160 \cdot 10^{-3}$
Қатарлы қоздыру	реттеу орамы жоқ
Қорғаныс дәрежесі арқылы орындалу	IP22
Жұмыстың режимі	Ұзақ
Қыздыруға төзгіш оқшаулау класы	B

Қозғалтқыш құрамдары бөліктерімен МЕСТ талаптарына сәйкес келу керек, яғни орнатудың көлемі, валдың соңғы шығудың көлемін (МЕСТ 13267-73) және де электр машиналарының техникалық талабына сәйкес келуі міндетті (МЕСТ 183-74). Құрамдағы бөліктің негізгі ретінде II сериялы тұрақты ток машинасы таңдалып алынады.

Қосымша берілетін талаптар: реттеудің орамы жоқ қозғалтқыштың есептік сипаттамаларын есептеп шығарып, салыстыру.

2.2 Негізгі өлшемді таңдау керек

Электрқозғалтқыштың алдын-ала ПӘК мәні 2.1-сурет бойынша таңдап аламыз: $\eta = 88\%$.



2.1 сурет – ПӘК- тің қуатқа тәуелділігі

Электрқозғалтқыштың тогының мәні

$$I_{ном} = \frac{P_{ном}}{\eta \cdot U_{ном}}, A; \quad (2.1)$$

$$I_{ном} = \frac{10 \cdot 10^3}{0,88 \cdot 220} = 51,6 A.$$

Зәкір тогы, шунттік орамадағы токты 2.2-кесте қарап аламыз: $0,035 I_{ном}$ - ге тең.

2.2 кесте - k_e, k_d, k_B мәндері

Қуаты, кВт	k_e	k_d	k_B
1-ден аз	1,4-1,15	0,65-0,85	0,2-0,08
1—10	1,2-1,1	0,82-0,95	0,1-0,025
10—100	1,15-1,06	0,85-0,97	0,035-0,02
100—1000	1,06-1,03	0,93-0,98	0,02-0,005

$$I_{ном} = (1 - k_e) I_{1ном}, A; \quad (2.2)$$

$$I_{ном} = (1 - 0,035) \cdot 51,6 = 49,79 A.$$


Электромагнит қуаты

$$P' = P_{ном} \cdot \frac{100 + \eta}{2\eta}, Bm; \quad (2.3)$$

$$P' = 10 \cdot 10^3 \cdot \frac{100 + 88}{2 \cdot 88} = 10681 Bm.$$


Зәкір диаметрі $D=h=0,16$ м.

Зәкірдің сызықты жүктемесі 2.2-сурет арқылы: $A=2 \cdot 10^4$ А/м.




2.2 сурет - СЫЗЫҚТЫ ЖҮКТЕМЕНІҢ ЗӘКІР ДИАМЕТРІНЕ БАҒЫНЫШТЫЛЫҒЫ

Ауа саңылауындағы индукциялау бойынша 2.3-суретте қарастырылған:
 $B_{\delta}=0,65$ Тл



2.3 сурет – Ауа саңылаудағы индукция бойынша зәкірдің диаметріне тәуелділік графигі

Полюстік доғаның есептік коэффициенті 2.4-сурет бойынша $\alpha_{\delta}=0,63$



2.4 сурет - $\alpha_{\delta} = f(D)$ тәуелділігі

Зәкірдің есептік ұзындығы

$$l_{\delta} = \frac{6,1 \cdot P'}{\alpha_{\delta} AB_{\delta} D^2 n_{ном}}, м; \quad (2.4)$$

$$l_{\delta} = \frac{6,1 \cdot 10681}{0,63 \cdot 20000 \cdot 0,65 \cdot (0,16)^2 \cdot 3000} = 0,2 м.$$

Тарамды салқындатқыш канал болмаған жағдайда l_{δ} зәкір өзекшесі толық ұзындығына мына теңдікке тең болады, $l_{\delta} = l_n = 0,2 м$.

Магнит өткізгіштің ұзындығы зәкір диаметріне қатынасы

$$\lambda = \frac{l_{\delta}}{D}, \quad (2.5)$$

$$\lambda = \frac{0,2}{0,16} = 1,25.$$

Полюс саны

$$2p=4,$$

Полюсті бөліну

$$\tau = \frac{\pi \cdot D}{2p}, м \quad (2.6)$$

$$\tau = \frac{3,14 \cdot 160 \cdot 10^{-3}}{4} = 0,13 м.$$

Полюсті ұштаманың есепті ені

$$b_{\delta} = \alpha_{\delta} \tau, м \quad (2.7)$$

$$b_{\delta} = 0,63 \cdot 0,13 = 82 \cdot 10^{-3} м.$$

Эксцентрлі саңылау кезіндегі полюсті ұштаманың айқын ені есепті еніне тең:

$$b_p = b_{\delta} = 82 \cdot 10^{-3} м.$$

2.3 Зәкір орамасын таңдау

Қатарлас тармақтың тогы

$$I_a = \frac{I_n}{2a}, А; \quad (2.9)$$

$$I_a = \frac{49,79}{2} = 24,89 А.$$

Толқынды ораманың қатарлас тармақ санын таңдап аламыз.

$$2a=2.$$

Тиімді өткізгіштің алдын-ала жалпылама саны

$$N = \frac{\pi \cdot D \cdot A}{I_a}, \quad (2.10)$$

$$N = \frac{3,14 \cdot 160 \cdot 10^{-3} \cdot 2 \cdot 10^4}{24,89} = 202.$$

Қолданылған зәкір пазаларының соңғы шектелген мәні

$$Z_{\min} = \frac{\pi \cdot D}{t_{1\max}}, \quad (2.11)$$

$$Z_{\min} = \frac{3,14 \cdot 160 \cdot 10^{-3}}{2 \cdot 10^{-2}} = 25,$$

$$Z_{\max} = \frac{\pi \cdot D}{t_{1\min}} = \frac{3,14 \cdot 160 \cdot 10^{-3}}{1 \cdot 10^{-2}} = 50,$$

Мұнда $Z=43$ деп қабылданады,

$$t = \frac{\pi \cdot D}{Z}, \text{ м} \quad (2.12)$$

$$t = \frac{3,14 \cdot 160 \cdot 10^{-3}}{43} = 11,7 \cdot 10^{-3} \text{ м}.$$

Пазадағы тиімді өткізгіштің саны есептеледі

$$N_n = \frac{N}{Z}, \quad (2.13)$$

$$N_n = \frac{202}{43} = 4,6,$$

$N_n=5$ қабылдаймыз, онда

$$N = N_n Z = 5 \cdot 43 = 215.$$

Тістері қатарлас орналасқан жартылай жабылған сопақ пішінді пазаны таңдап аламыз.

Коллекторлы тіліктің саны K әр-түрлі мәнде $u_{\pi}=K/Z$ үш нұсқаны салыстыра отырып таңдаймыз:

2.3 кесте - Коллекторлы тілімдер саны K - ны анықтаушы нұсқалар

№ нұсқа	u_n	$K = u_n Z$	$w_c = \frac{N}{2K}$	$U_{к.оп} = \frac{2pU_{ном}}{K}$
1	1	43	2,5	20,4
2	2	86	1,25	10,2
3	3	129	0,83	6,8

$U_{к.оп} = \frac{2 \cdot p \cdot U}{K}$ өрнегі 15-16 В аралығында ғана болу керек болғандықтан, 3-нұсқаны таңдап аламыз. Мұнда секция аралық толық тармақтар саны $w_c = 0,83$, пазадағы пайдалы өткізгіштердің сандары $N_{II} = 5$, коллекторлы тілімдердің саны бойынша $K=129$ тең.

$$w_a = \frac{N}{2w_c}, \quad (2.14)$$

$$w_a = \frac{215}{2 \cdot 0,83} = 129,5.$$

Сызықты жүктемені анықтаймыз:

$$A = \frac{N \cdot I_a}{\pi \cdot D}, A / м, \quad (2.15)$$

$$A = \frac{215 \cdot 24,89}{3,14 \cdot 160 \cdot 10^{-3}} = 21328 A / м.$$

Зәкір ұзындықтарын түзетеміз:

$$l_\delta = 0,16 \cdot \frac{20000}{21328} = 0,15 м.$$

Жартылай жабылған паза коллектор сыртқы диаметрі мынаған тең

$$D_k \approx (0,65 \dots 0,8) \cdot D, м; \quad (2.16)$$

$$D_k = (0,65 \dots 0,8) \cdot 160 \cdot 10^{-3} = (96 \dots 128) \cdot 10^{-3} м.$$

Коллектордың диаметрі үшін мына мәнді қабылдаймыз:

$$D_k = 125 \cdot 10^{-3} м.$$

Коллектордың айналу жылдамдығы мынаған тең

$$v_k = \frac{\pi \cdot D_k \cdot n_u}{60}, \text{ м/с}, \quad (2.17)$$

$$v_k = \frac{3,14 \cdot 0,125 \cdot 3000}{60} = 19,63 \text{ м/с},$$

Коллекторлық бөлу

$$t_k = \frac{\pi \cdot D_k}{K}, \text{ м} \quad (2.18)$$

$$t_k = \frac{3,14 \cdot 125 \cdot 10^{-3}}{129} = 3,04 \cdot 10^{-3} \text{ м}.$$

Пазаның жалпы тогы

$$I_n = I_a \cdot N_n, \text{ А} \quad (2.19)$$

$$I_n = 5 \cdot 24,89 = 249,2 \text{ А}.$$

Зәкір орамасындағы токтың тығыздығының алдын-ала мәні

$$J_3 = \frac{A \cdot J_3}{A}, \text{ А/м}^2; \quad (2.20)$$

$$J_3 = \frac{12,5 \cdot 10^{11}}{21328} = 5,86 \cdot 10^6 \text{ А/м}^2.$$

мұндағы AJ_3 мәнін 2.2 - сурет бойынша таңдаймыз және ол $12,5 \cdot 10^{11}$ тең.
Тиімді сымның алдыңғы қимасының мәні

$$q_3 = \frac{I_3}{J_3} \text{ м}^2, \quad (2.21)$$

$$q_3 = \frac{48,94}{5,86 \cdot 10^6} = 8,5 \cdot 10^{-6} \text{ м}^2.$$

ПТЭВ маркасынан екі қатарлы өткізгішті аламыз: МЕСТ ашық сым диаметрі бойынша $d=2,36 \cdot 10^{-3}$ м; оқшауланған сымның диаметрі $d_{\text{окш}}=2,46 \cdot 10^{-3}$ м; тиімді өткізгіштің қимасы $4,36 \cdot 10^{-6}$ м².


2.4 Аймақ бөліктерін геометриясының мәнін есептеу

Шала жабылған саңылаулы қимадағы (шеткі сынамамен бірге шеткі оқшаулауды қиманың шектерімен) тесікті толықтыруға алдын-ала таңдалып алынған коэффициенті $k_3 = 0,68 \pm 0,72$. $k_3 = 0,7$ мәнді аламыз.

$$S_o = \frac{N_n \cdot 2d_o^2}{k_3}, \text{ м}^2; \quad (2.22)$$

$$S_o = \frac{5 \cdot 2 \cdot (2,46 \cdot 10^{-3})^2}{0,7} = 86,45 \cdot 10^{-6} \text{ м}^2.$$

Саңылаудың биіктігі (2.5 - сурет бойынша) $h_n = 27 \text{ мм}$



2.5 сурет – Пазаның биіктігінің зәкір диаметріне қатысты тәуелділігі

Саңылаудың оймакілтегі биіктігі $h_{uu} = 0,8 \cdot 10^{-3} \text{ м}$, ені $b_{uu} = 3 \cdot 10^{-3} \text{ м}$.

Тісше ені

$$b_z = \frac{B_{\delta t z1}}{k_c B_z}, \text{ м}; \quad (2.23)$$

$$b_z = \frac{0,65 \cdot 11,7 \cdot 10^{-3}}{0,95 \cdot 1,65} = 4,84 \cdot 10^{-3} \text{ м}.$$

мұндағы $B_z = 1,65 \text{ Тл}$ - болаттың бөліктеріндегі индукциясын жуықтаған мәні, 2.4-кестеден аламыз.

$$f = pn / 60, \text{ Гц}; \quad (2.24)$$

$$f = 2 \cdot 3000 / 60 = 100 \text{ Гц}.$$

2.4 кесте - Болаттың бөліктеріндегі индукция жуықтаған мәндері

Орындау мен салқындатуы бойынша қорғаныстың санаттары	Қайта магниттеудің жиілігіндегі , Гц; Магниттің индукциясы $B_{Z \max}$, Тл.			
	100	75	50	25 және одан төмен
IP22, IC01, IC17, IP44, IC37	1,9-2,1	2-2,2	2,1-2,3	2,2-2,4
IP44, IC0141	1,6-1,8	1,7-1,9	1,8-2	1,9-2,1
IP44, IC0041	1,5-1,7	1,6-1,8	1,7-1,9	1,8-2

Үлкен радиус

$$r_1 = \frac{\pi(D - 2h_u) - Zb_Z}{2(Z + \pi)} \text{ м}, \quad (2.25)$$

